



МАҢҒЫСТАУ

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№40 (10547) 13 МАМЫР, СӘРСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛАЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰМ АСТЫНДАҒЫ КӨНЕ ӨРКЕНИЕТ

ТУПҚАРАҒАН ТОПЫРАҒЫНДА ТАҒЫ БІР ТАРИХИ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ІЗІ АЙҚЫНДАЛА ТҮСТІ. МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҮНІН ІШІНЕ БҮККЕН ҚАРАҚАБАҚ ҚАЛАШЫҒЫ БҮГІНДЕ ҒАЛЫМДАР НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРЫП, МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТЕРЕҢ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТІП ОТЫР. ОСЫ ОРАЙДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ Ә.Х.МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АҚАН ОҢҒАҒҰЛЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГ АНДРЕЙ АСТАФЬЕВ ПЕН БІРГЕ КӨНЕ ШАҺАР ОРНЫНА АРНАЙЫ БАРЫП, АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Сән индустриясындағы СЕРПШЛІС

АҚТАУДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ АУҚЫМДЫ СӘН ЖОБАЛАРЫНЫҢ БІРІ – «KAZAKHSTAN FASHION WEEK» АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ. 7–10 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН СӘН АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СТИЛЬДІ ДӨРІПТЕУ, ОТАНДЫҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

«Дәстүр – Стиль – Нәтиже» атты дөңгелек үстелде ұлттық мұра мен замануи сән индустриясының үйлесімі, сәндік жаңа тенденциялар мен тәжірибелер, ұлттық нақышты жаңа форматта насихаттау мәселелері кеңінен талқыланды. Маңғыстау облыстық әкімдігінің қолдауымен, «Amanat» партиясы жанындағы әйелдер қанатының, облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен басқосуға облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, отандық және халықаралық дизайнерлер, сән индустриясының өкілдері, этнодизайнерлер, мәдениет саласының қызметкерлері мен қолөнер шеберлері қатысты.



– Ұлттық нақыш – біздің мәдени кодмыздың ажырамас бөлігі. Бүгінде оны заманауи сән индустриясымен үйлестіре отырып, жаңа деңгейде дәріптеу аса маңызды. Мұндай жобалар ұлттық өнерді жаңғыртып қана қоймай, жас дизайнерлерге шабыт беріп, өңірдің шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Маңғыстау – тарихы терең, мәдениеті бай өлке. Сондықтан ұлттық құндылықтарды заманға сай форматта таныту – ортақ